

Г.Б. Қаржасова

PhD докторы

E-mail: GKB24@mail.ru

Қазтұтынуодағы Қарағанды

экономикалық университеті

Н.А. Саулебек

заң ғылымдарының кандидаты

Қазтұтынуодағы Қарағанды

экономикалық университеті

Қашықтықтан оқыту

орталығының Астана өкілдігі

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары азаматтық қоғамды қалыптастыратын бастама ретінде

Андатпа. Мақалада жергілікті өзін-өзі басқару органдары азаматтық қоғамды қалыптастыратын бастама ретінде қарастырылады. Мемлекеттерде жергілікті басқаруды ұйымдастырудың және тиісінше осы құбылысты заңдық реттеудің сан алуан түрлі тәжірибесі бар. Жергілікті басқару туралы тұжырымдамалар не оны ұйымдастырудың идеялық және теориялық негізі, не жергілікті басқару органдарын құру мен қызмет тәжірибесінің қорытуының нәтижесі болып табылады. Сондықтан да жергілікті басқару мәселелеріне әмбебаптық көзқарас жоқ деп пайымдауға негіз болады. Қазіргі таңда жергілікті өзін-өзі басқару органдарының азаматтық қоғамды қалыптастыратын бастама ретінде қызметін дамыту, жетілдіру жағандық үдерістегі өте маңызды мәселе болып табылатынына еш күмән жоқ.

Түйін сөздер: азаматтық қоғам, халық, мемлекет, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, жергілікті мемлекеттік басқару, үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық кеңес.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыру тарихи, этникалық, географиялық және басқа да жағдайларға байланысты объективтік және субъективтік факторлардың негізінде жүреді. Осы себепті мемлекеттерде жергілікті басқаруды ұйымдастырудың және тиісінше осы құбылысты заңдық реттеудің сан алуан түрлі тәжірибесі бар. Жергілікті басқару туралы тұжырымдамалар не оны ұйымдастырудың идеялық және теориялық негізі, не жергілікті басқару органдарын құру мен қызмет тәжірибесінің қорытуының нәтижесі болып табылады. Сондықтан да жергілікті басқару мәселелеріне

әмбебаптық көзқарас жоқ деп пайымдауға негіз болады. Жергілікті басқарудың мәні мен мақсаты туралы бар тұжырымдамалардың (теориялардың) тек кейбіріне тоқталуға болады.

Саяси теорияға сәйкес, жергілікті басқарудың мәні оны жергілікті халықтың құрметті өкілдерінің өтеусіз жүзеге асыруында болып табылады. Мемлекеттік өзін-өзі басқару теориясы өзін-өзі басқару - мемлекеттік басқарудың бір бөлігі болып табылады, сондықтан оның органдары барлық өкілеттіліктерін мемлекеттен алады деп негізделеді. Бұл теорияның түрлі нұсқалары бар. Біреулері жергілікті басқару органдарының басшыларын жоғары тұрған органдар тағайындайды, сол себепті де олар дербес болып табылмайды деп пайымдаса, басқалары жергілікті басқаруды жүзеге асыратын үкімет қызметкерлері емес, оның органдары мемлекеттік болып табылмайды, бірақ мемлекеттік басқару функцияларын атқарады деп есептейді.

Жергілікті басқарудың мәнін түсіндіретін басқа да көзқарастар баршылық. Олардың барлығына ортақ бір нәрсе бар, ол біріншіден, жергілікті басқарудың мемлекеттік басқарумен байланысты болуы және мемлекеттің тарапынан жергілікті істерді басқаруды жүзеге асырудың жалғасы болып табылуы; екіншіден, жергілікті істерді басқаруға тек жоғарыдан тағайындалатын мемлекеттік қызметшілер ғана емес, сонымен бірге жергілікті тұрғындардың қауымдастықтары, олардың өкілдерінің қатысуы; үшіншіден, жергілікті басқарудың түрлі дербестік дәрежелерінің болуы.

Қазақстан Республикасының жергілікті басқару туралы заңнамасының, оның идеялық және тұжырымдамалық бастаулары қандай деген сұрақ туындайтындығы ақиқат. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 желтоқсандағы «Жергілікті өкілді және атқарушы органдар туралы» Заңы қабылданғанға дейін, Қазақстанда мемлекеттік биліктің біртұтастық қағидасына құрылатын жергілікті мемлекеттік органдар болды. Село, ауылдарға дейін жергілікті халықтың өкілдері сайланатын жергілікті мемлекеттік билік органдары – Халық депутаттары кеңестері болды. Осы өкілді органдар жергілікті атқарушы органдарды қалыптастырды. Кеңестер жергілікті өзін-өзі басқару органдары деп танылды. 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы жергілікті басқару органдарының мүлдем басқа үлгісін енгізді. Біріншіден, «мемлекеттік билік органдары» мен «Кеңестер қалыптастыратын атқарушы органдар» деген ұғымдар жоғалды [1, б. 56]. Екіншіден, өкілді органдар (мәслихаттар) енді жергілікті атқарушы органдар қалыптастырмайды; жергілікті әкімшіліктің басшысы жергілікті халықтың емес, Президенттің өкілі болып табылады. Үшіншіден, өкілді органдар, жалпы алғанда, аудан деңгейіне дейін қалыптастырылады да, ауылдық жерлерде құрылмайды. Бұл өкілді органдар жалпы мемлекеттік мүдделерді ескерумен тиісті әкімшілік және аумақтық бірлік халқының еркін білдіруге және іске асыруға тиіс халықтың өкілді органдары болып есептелсе де, ендігі жерде жергілікті өзін-өзі басқару органдары деп аталмайды. Төртіншіден, заңда енді «жергілікті өзін-өзі басқару» ұғымы жоқ, оның орнына «кент, ауыл, ауылдық округ азаматтары өкілдерінің жиналысы» [2, б. 77] деген басқа ұғым пайда болды. Азаматтар өкілдерінің жиналысы, бір жағынан, ауылды жерде мемлекеттік функцияларды атқаратын орган болып табылатын секілді. Жиналыстағы өкілдік нормасын ауыл әкімшілігінің басшысы белгілейтіні, жиналысты ол өзінің бастамасы бойынша немесе алдындағы «жиналыстың» құрамының кем дегенде үштен бірінің бастамасымен шақыратыны осыны қуаттайды. Заңда «жиналыстың» өз өкілеттіліктері шегіндегі шешімдері тиісті аумақта тұрып жатқан барлық

азаматтар үшін орындауға міндетті деп жазылған. Екінші жағынан, «жиналыста» кейбір өзін-өзі басқару нышандары бар. Көшелердің, үйлердің, ықшам аудандардың тұрғындары, өкілдік нормаларын алғаннан кейін өздерінің өкілдерін өздері іріктейтін де (бірақ, қалай іріктейтіндігі регламенттелмеген), «жиналысқа» жіберетін. Алайда, осындай жиналыстар көзге көрінер демократиялылығына қарамастан, аморфты түзілім болып табылады. Ол - халық өкілдерінің бір мәртелік жиыны, ауыл әкімшілігінің басшысы өзіне керек болғанда жинайды, себебі шақыру мерзімі жоқ; «жиналыстың» өкілеттіліктерін ол орындайтын, ал әкімшілік басшысы дайындайтын және шешетін. «Жиналыс», ең көп дегенде, әлдебір ұсыныстар ғана енгізе алатын. Кеңескеннен кейін «жиналыс» тарайтын; әкім қашан қайтадан жинайтыны белгісіз, келесі жиналысқа басқа өкілдер келіп, әкімнің іс-шараларын қолдап, тағы да дауыс беретін. Осындай жиналысты жергілікті өзін-өзі басқару органы деп айтуға бола ма?

Еуропа Кеңесі 1985 жылғы 15 қазанда қабылданған «Еуропалық жергілікті өзін-өзі басқару хартиясына» жүгінейік. Еуропа Хартиясы құрылады, оларға шешімдер қабылдау үшін өкілеттіліктер беріледі, өзінің құзыретіне, оны жүзеге асыру тәртібіне қатысты кең автономиясы және ол үшін қажетті қаражаты бар. Еуропа Хартиясы төмендегідей анықтама береді: «Жергілікті өзін-өзі басқару деп жергілікті басқару органдарының мемлекеттік істердің елеулі бөлігін регламенттеу және заң шеңберінде әрекет ете отырып, өз жауапкершілігімен және жергілікті халықтың мүдделерінде оны басқару құқығы мен іс жүзіндегі қабілеті түсініледі» [3]. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Заңы көздеген «жиналыста» жергілікті өзін-өзі басқару нышандарының бірде-бір белгісі қалыптаспағандығын көруге болады.

Заң жергілікті өзін-өзі басқару ұғымын ауыл шеңберіне дейін тарылтты да, оны жоқ дерлік етті. Ауылды жерден жоғары органдар – аудандық, қалалық, және облыстық буындар жергілікті деп аталса да, оларда жергілікті өзін-өзі басқарудың тіпті елесі де болмады. Облыс, аудан, қала аумағындағы халықтың өкілді органдары – мәслихаттар жергілікті өзін-өзі басқару органдары болып есептелмейді, таза мемлекеттік ретінде бой көрсетеді. Заң облыстық мәслихаттың өкілеттіліктеріне облыс аумағындағы аумақтық қоғамдық өзін-өзі басқару органдары туралы ережені бекітуді жатқызған. Бұл тармақ ҚазКСР-інің 1991 жылғы жергілікті өзін-өзі басқару туралы Заңынан ауысқанын көруге болады.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы жергілікті органдардың жаңа үлгісін бекітті. Ол оларды жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқаруға бөлді. [4].

Жергілікті өзін-өзі басқару жергілікті мемлекеттік басқарудан бөлінді. Бұл - тәрізді, Қазақстан Республикасының Конституциясына тән жаңа көзқарас. Қазақстан Республикасының Конституциясының 89-бабы жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропа Хартиясы берген ұғымына едәуір дәрежеде сай келетін секілді. Біріншіден, жергілікті өзін-өзі басқаруды халық сайлау арқылы тікелей жүзеге асырады; бірақ, әңгіме қандай сайлау туралы екендігі онша түсінікті емес; қалай болса да, бұл өкілді органдар – мәслихаттарды сайлау туралы айтылмайды, өйткені олар таза мемлекеттік органдар болып есептеледі. Екіншіден, халық жергілікті өзін-өзі басқаруды тұрғын халық тікелей сайлау жергілікті қауымдастықтардағы жолымен сайланбалы және басқа органдар арқылы

жүзеге асырады. Бұл конституциялық қағида 1993 жылғы 10 қазандағы «Жергілікті өкілді органдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы белгілеген «азаматтар өкілдерінің жиналысын» жоққа шығарды. Конституцияда жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызмет тәртібін заңмен белгіленген шектерде азаматтардың өздері белгілейді деп анық жазылған. Алайда, ондай заң жоқ, тек жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ұйымдық және қызмет тәртібі туралы актілер қабылдануда. Үшіншіден, Қазақстан Республикасының Конституциясы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының олардың заңмен белгіленген өкілеттігі шегінде дербес (автономиялылығына) кепілдік береді. Аталғанның барлығы азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыру үшін даңғыл жол ашатын тәрізді болып көрінеді. Алайда, жергілікті демократияның салтанаты үшін қуануға негіз жоқ деген ой келеді. Қазақстан Республикасы Конституциясының мемлекеттік биліктің мәні туралы нормаларында, қағидаларында белгілі бір қиыншылықтар бар. Жергілікті өзін-өзі басқаруды жергілікті мемлекеттік басқарудан бөліп шығарып, Қазақстан Республикасының Конституциясы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қарауында жергілікті мемлекеттік сипаттағы мәселелер болмауға тиіс екенін мойындағандай болды. Басқаша айтқанда, ауылдық және қалалық жергілікті қауымдастықтардың жергілікті мемлекеттік мәні жоқ мәселелерді шешуге құқығы бар. Алайда, Қазақстан Республикасының Конституциясының қағидасына сәйкес, жергілікті қауымдастықтарға ғана емес, сонымен бірге жеке адамға қатысты кез келген мәселенің мемлекеттік мәні бар. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам, адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылады деп айтылған. Демек, жергілікті мемлекеттік басқарудың жергілікті өзін-өзі басқарудан күрт алыстауы дұрыс емес және кері әсерлерге жетектейді. Біріншіден, жергілікті мемлекеттік басқаруды жергілікті өзін-өзі басқарудан формалды түрде бөлуге болады, ал іс жүзінде мұны істеу мүмкін емес. Мұны Конституция ішінара қуаттайды. Конституцияда жергілікті өзін-өзі басқару халықтың жергілікті мәндегі мәселелерді дербес шешуін қамтамасыз етеді деп айтылады. Конституция, әрине, «жергілікті мәндегі мәселелердің» анықтамасын бермейді, «жергілікті мәндегі мәселелердің» жалпылама тізбесі Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 қазандағы «Жергілікті өкілді органдар туралы» Заңында беріледі, ол: елді мекендерді көркейту және санитарлық ахуалын жақсарту бойынша жұмыстардың жоспарлары, азаматтардың барлық меншік нысандағы кәсіпорындардың, ұйымдарының қаражаттарын өз аумағының әлеуметтік инфрокұрылымын дамыту үшін шоғырландыру мәселелері, әкімшілік және аумақтық құрылыс мәселелері, жер қатынастары саласындағы мәселелер және тағы да басқа. Егер, мұндай мәселелер жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қарауында қалатын болса, онда олар шешілмейді. Екіншіден, жергілікті мемлекеттік басқаруды жергілікті өзін-өзі басқарудан бөлу біз куә болып отырған заңдық тығырыққа әкеліп тірейді. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы ондағы көзделген заңдарды қабылдау үшін екі жыл берді. Ол төмендегілерді көздейді: біріншіден, мәслихаттардың құзыретін, олардың ұйымдық және қызмет тәртібін, олардың депутаттарының құқықтық ахуалын заң белгілейді десек, екіншіден, жергілікті атқарушы органдардың құзыретін, олардың ұйымдық және қызмет тәртібін заң белгілейді, ал жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ұйымдық және қызмет тәртібін заң белгілеген шектерде азаматтардың өздері белгілейді десек, төртіншіден, жергілікті органдардың заң белгілеген шектердегі өкілеттіктерінің шегінде олардың дербестігіне кепілдік беріледі.

Конституцияның аталған жағдайларда не туралы айтатыны түсініксіз: бір заң немесе бірнеше заңдар тізбегін қабылдау қажеттігін көрсетіп тұрғандай. XX ғасырдың соңғы шектерінде бірнеше нұсқа сыналды: алдымен бір, одан кейін екі дербес заң жобасы әзірленді.

Ақырында, 2001 жылғы 23 қаңтарда «Қазақстан Республикасындағы жергілікі мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды [5]. Бұл Парламент ақыры жергілікті мемлекеттік басқаруды жергілікті өзін-өзі басқарудан бөлуге ұйғарғандығын білдіреді. Бірақ, жергілікті мемлекеттік басқаруды жергілікті өзін-өзі басқарудан айыру, олардың табиғи байланысының элементтері бар болуы себепті мүмкін емес. Сондықтан аталған заңда жергілікті өзін-өзі басқару туралы төмендегідей сипаттағы бірқатар ұсыныстар бар:

- тұрақты мәслихат комиссиялары олардың қарауына жатқызылған неғұрлым маңызды және қоғамдық мәні бар мәселелерді талқылау мақсатында депутаттардың, атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдерінің қатысуымен кеңейтілген отырыстар нысанында жария тыңдаулар өткізіледі;

- тұрақты мәслихат комиссиялары өз жұмысына жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілдерін тартуға құқылы;

- мәслихат хатшысы жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасауын ұйымдастырады;

- мәслихат хатшысы жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен қарым-қатынастарда мәслихат атынан өкілдік етеді;

- мәслихат депутатының жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және ұйымдармен кездесулер мен жиналыстар өткізуге құқығы бар;

- облыс (Алматының, Астананың) әкімі жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен облыстық маңызы бар қалалардағы аудан, республикалық маңызы бар қала ауданы, әкімдері арқылы өзара іс-қимыл жүргізеді;

- аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жүргізеді;

- елдің маңызы бар қала ауданының, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жүргізеді.

Аталған тізбедегі бір мәселе түсіндіруді қажет етеді. Мәслихат та, сондай-ақ әкімдер де, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жүргізуге тиіс. Бұл мәселені бірдей етіп шешу керек. Демек, бұл мәселені Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік Жарлығымен шешу керек.

Әзірше «Қазақстан Республикасы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының жобасы бар.

Бұл заң жобасын талдаудың қажеті жоқ. Тек біздің мемлекеттік басқаруды жергілікті өзін-өзі басқарудан күрт бөлудің мүмкін еместігі жайлы ойымызды қуаттайтын кейбір сәттерді атайтын. Жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органы Кеңес болып табылады. Кеңес жергілікті (ауылдық немесе қалалық) қоғамдастықтың сайланбалы органы болып көрінеді. Қоғамдастық деген не екені түсініксіз. Конституцияда айтылса да, мұндай ұғым заңдарда қалыптаспаған. Кеңестің қарауына жергілікті мәндегі мәселелер табыстау көзделеді: аумақтық көркейтуді ұйымдастыру, халықты жылу, қуат, газ, сумен жабдықтауды бақылау, әлеуметтік жағынан дәрменсіз азаматтарға қайырымдылық көмек көрсету және тағы басқа, бұл жергілікті мәндегі мәселелерді қаржылық, материалдық және техникалық қаражаттары бар мемлекеттік органдардың өздері де толық шеше алмайды. Егер мемлекеттік органдар оған бөліп бермесе, жергілікті халыққа қайдан осындай қаражат көздері болады? Оған қоса, Кеңес «жергілікті мәндегі мәселелерді» шешуге тиіс мәслихатпен де байланысатын секілді. Жергілікті өзін-өзі басқару туралы Заң жобасының басқа қағидалары да сондай-ақ сын көтермейді.

Айтылғандардан төменгідей қорытынды жасауға болады:

2007 жылғы 21 мамырдағы Заң жергілікті өзін-өзі басқаруды бастапқы ұя, мемлекеттік басқару буыны деп тану туралы идеяны қабылдады. Жергілікті өзін-өзі басқару мемлекеттік басқарудан толық бөлінуі мүмкін деген түсінік жергілікті халық пен мемлекет мүддесінің сәйкес келмеуі туралы идеяға негізделеді. Мемлекет жергілікті маңызы бар мәселеге бейжай қарай алмайды. Жергілікті өзін-өзі басқару, оның органдары жергілікті маңызы бар мәселелерді өздері шеше алады деп ойлау оның құдыретті күші туралы аңызбен барабар.

2007 жылғы 21 мамырдағы Заң жергілікті мемлекеттік органдарды мемлекеттік функцияларды жүзеге асыра алатын жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен байланыстырды.

2007 жылғы 21 мамырдағы Заң мәслихаттар ол мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар құру екенін заңдастырды. Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша, мәслихаттар, бір жағынан, өкілді органдар, екінші жағынан, жергілікті мемлекеттік басқару органдары болып табылады. Егер мәслихаттар өкілді органдар болса, онда олар аудан, қала деңгейінде жергілікті басқару органдары болып танылғандар. Сонымен бірге болып мемлекеттік функцияларды да атқаруы тиіс. Алайда, мәслихаттар мемлекеттік басқару органдары бола алмайды; оларда басқару объектілері де, басқарушылар да жоқ.

Бұл жергілікті өзін-өзі басқару ең бұқаралық, халыққа ең жақын тағы да бір буыны болу керек екендігін көрсетеді. Қазақстан Республикасының Конституциясы оны «жергілікті қоғамдастық» деп атайды. Осындай қоғамдастық үйлерде, пәтерлерде, селоларда, ауылдық мекендерде, кенттерде тұратын азаматтардан тұра алады. Осындай қоғамдастықтарға бірігетін азаматтар төмендегідей ұсақ жергілікті мәндегі мәселелерді шешу мақсатында түрлі органдар құра алады. Олар: шаруашылық, мәдени, білім берушілік, құқық қорғаушылық, аз қамтамасыз етілгендерге көмек көрсету тағы басқалары жатады.

Жергілікті қоғамдастық, оның органдары келесідей қағидалардың негізінде құрылып, қызметін атқара алады:

- демократиялық бастаулар (еріктілік, ашықтық, консенсуалдық);
- мемлекеттік функциялар беру;
- заңдар белгілеген өкілеттіктер шегінде дербестік;
- заңдылық, тиісті нормативтік құқықтық актілерді ұстау;
- өз қарауындағы мәселелерді реттеу үшін өз нормативтік актілерін қалыптастыру;
- мемлекеттік органдармен тұрақты байланыс, олардың функцияларын атқаруға жәрдемдесу.

Мемлекеттік басқару органдары жергілікті қоғамдастық органдарына қатысты келесідей функцияларды немесе қызметтерді жүзеге асыра алады:

- әкімшілік қамқорлық (мысалы, маңызды мәселелерді шешуге олардың өкілеттіктерін мақұлдау);
- әкімшілік қадағалау: жергілікті қоғамдастық органдары шешімдерінің заңдылығын тексеру және статистикалық негіздемелерін қалыптастыру мүмкіндіктерінің жиынтығын жалпы негізде атап өтуге толық негіз бар.

Бір уақытта жергілікті қоғамдастық органдарына мемлекеттік органның шешіміне сот тәртібінде даулау құқығын беру керек десек, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өз алдына дербестігі сақтала отыруы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Айталы А. Жаһандану және ұлт мәселесі // «Егемен Қазақстан». - 2016. - 27 ақпан.
- 2 Ау Т.И., Дуброва Н.Б., Весельская Н.Р. Становление социального государства в РК: современное состояние и перспективы развития: монография. - Караганда: КЭУК, 2015.
- 3 Мәрлен Жинбай. Еуропалық хартиясының даму тәжірибесінің Қазақстан Республикасындағы маңызы // «Егемен Қазақстан». - 2015. - 21 мамыр.
- 4 Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған (соңғы өзгерістер мен толықтырулармен 10.03.2017 № 51-VI // <http://www.zakon.kz/>).
- 5 Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы: Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы.

РЕЗЮМЕ

Каржасова Г.Б., доктор PhD.E-mail: GKB24@mail.ru Карагандинский экономический университет «Казпотребсоюза» Саулебек Н.А., кандидат юридических наук. Карагандинский экономический университет «Казпотребсоюза» Астанинское представительство «центр дистанционного обучения»

ОРГАНЫ МЕСТНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ КАК ИНИЦИАТИВА ФОРМИРОВАНИЯ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА

В статье рассматриваются актуальные вопросы местного самоуправления как органа формирования гражданского общества. В статье авторами анализируется роль гражданского общества и его значение в контексте взаимодействия с органами местного самоуправления. Определение необходимости взаимодействия осуществляется через систему координат «местное самоуправление – гражданское общество», которая предполагает рассмотрение каждого элемента этой системы как равноправного партнера и эволюцию отношений от действующей модели «субъект – объектного» типа отношений к «субъект – субъектному», позволяющей предложить новый вектор устойчивого развития гражданского общества и его постепенное включение в строительство демократического государства.

Ключевые слова: гражданское общество, народ, государство, местное самоуправление, органы местного государственного управления, неправительственные организации, общественный совет.

RESUME

Karzhasova G.B., PhD.

E-mail: GKB24@mail.ru

Karaganda Economic University of Kazpotrebsoyuz

Saulebek N.A., PhD in Law

Karaganda economic University of Kazpotrebsoyuz

Astana office of the distance learning center

LOCAL GOVERNMENTS AS ORGANS, FORMING A CIVIL SOCIETY INITIATIVE

Actual issues concerning to local government as the body, that forms civil society are explored in the article.

The article also mentions about the role of civil society and its meaning for the purposes of interaction with local self-government. Interaction necessity applies through a coordinate system «local government - civil society», that suggests inquiry of the system's each element as an equal right partner and an approach evolution from the model of «subject - object» allowing to suggest the latest vector of civil society development and its involvement to democratic state formation.

Keywords: civil society, people, state, local government, local government bodies, non-governmental organizations, public Council.